

«№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

2025-2026 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің II - отырысы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 12.12.2025 жыл

Қатысты: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің алдыңғы отырысында қабылдаған шешімдердің орындалуы бойынша қорытындылау
2. №41 «Назерке» бөбекжай-балабақша МКҚК меңгерушісінің 2025 жылы атқарылған жұмысының есебі.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығында жасалған жұмыс қорытындысы.
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің төрағасы Бақдәулетова Ляззат қамқоршылық кеңесінің отырысын аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. Алдыңғы отырыста қабылданған шешімдер бойынша және жүргізілген жұмыстар бойынша талдап қорытындылады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Бақдәулетова Ляззат №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының МКҚК меңгерушісінің 2025 жылғы атқарылған жұмысы бойынша қорытынды есебін тыңдау үшін сөз берді.

2025 жылы біздің балабақшада бюджет қаражаты мен қосымша түсімдер жоспарға сәйкес мақсатты түрде жасалды.

Бүгінгі сіздерге қаржылық шығындардың негізгі бағыттарымен, олардың орындалуымен, есеп беремін.

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақша меңгерушісі Карабалина Айжан Ержанқызы сөз алды. 2025 жылы атқарылған жұмыс бойынша және жылдық бюджеті жалақы 125204тг, салынған салық 44320тг, коммуналдық шығындар 24123тг, күзет қызметі 4150тг, қызметтер бойынша 5487тг, материалдық базаны нығайту 15147тг, тамақтандыру 4762тг жалпы 223203тг жұмсалды.

Осы оқу жылы бойынша балабақшаға сатып алынған заттар тізімі:

- | | |
|-----------------------------|-------------|
| 1. Электроконфорка 5шт- | 15.04.2025ж |
| 2. Комплект шров. детс 1шт- | 12.11.2024ж |
| 3. Тоңазтқыш 2кам 1шт – | 05.08.2025ж |
| 4. Үтіг 3шт- | 05.08.2025ж |

5. Миксер 1шт -	05.08.2025ж
6. Кастрюль 20л, 4 шт -	05.08.2025ж
7. Кастрюль 30л, 3шт -	05.08.2025ж
8. Кастрюль 50л, 3шт -	05.08.2025ж

2025 жылда балабақшаға бөлінген бюджеттен қаражат толық көлемде тиімді игерілді. Балалардың қауіпсіздігі, сапалы біліммен, тәрбиемен қамтамасыз етілуі, материалдық базаны жақсарту бағытында жоғарыда айтылған жұмыстар жүргізілді.

Сөз алды: қамқоршылық кеңес мүшесі Хамитқызы Л. алдағы уақытта балабақшаға балалардың жас ерекшелігіне сай дамытушы ойыншықтар алынуын ұсынды. Ол ойыншықтардың балалардың ой-өрісін дамытуда маңызы зор екенін атап өтті.

Балаларды тәрбиелеу – білім беру үдерісіне келетін болсақ, оқу жылының басында бөбекжай-балабақшаның жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Барлық топтардың тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері, оқу жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңес отырысында қаралып бекітілді.

Педагогтеріміз балалармен түрлі тақырыптарда, мерекелерге арналған тақырыптық іс-шаралар, ертеңгіліктер ұйымдастырып өткізді.

Педагогтеріміз бен тәрбиеленушілеріміз түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, дипломдармен марапатталып жатыр.

Асхананың жұмысын бақылау мақсатында кеңес мүшелері тарапынан тексерістер жүргізілді.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның 2025 жылғы атқарылған жұмысы қамқоршылық кеңесінің мүшелері тарапынан «жақсы» деп бағаланды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Байдәулетова А. 2025-2026 оқу жылында жасаған жұмысын қорытындылады.

Ата-аналардың қолдауымен балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Балаларға арналған мерекелер мен байқаулар өткізуге демеушілік көрсетілді.

«Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Бағдәулетова А. отырысты қорытындылай келе, ары қарайда балабақшамен бірлесе жұмысын жалғастыра отырып, балабақшаның көркемдей беруіне тілек білдірді.

Сөз алды: қамқоршылық кеңес мүшесі Кадырова М.К. әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету жалғасын табу керек екенін айтты.

Сөз алды: қамқоршылық кеңес мүшесі Муханова Ж.С. келесі жылы балалар ойын алаңына жөндеу жұмыстарын жүргізу ұсыныстарын білдірді.

Алдағы 2026 оқу жылында көмекке мұқтаж балаларды анықтау және көмек беру. Қамқоршылық кеңесіне тәрбиеленушілердің болашағы үшін аянбай, бірлесе жұмыс жасауға шақырады. Сонымен бірге осы жылы далада балалар ойнайтын алаңның оның ішінде бесетканы толығымен жаңалау көзделіп отыр.

Шешім:

- 1.Қамқоршылық кеңес алдыңғы отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын.
- 2.№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша МКҚК-нің 2025 жылы атқарылған жұмысы «жақсы» деп бағалансын.
- 3.Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жоспар бойынша ары қарай жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары:

Мүшелері:

Байдаулетова Л. 
Кадырова М.К. 
Есекеева А. 
Хамитқызы Л. 
Бисембина А. 
Муханова Ж.С. 
Қоңырбаева Ж.М. 
Изнальфиден М. 
Мамбетрзаева М.Е. 